



SUBARU



| OUTBACK



Әр қозғалыстағы сенімділік

Су жаңа Outback жол талғмайтын көлікке тән шынайы мүмкіндіктерді ұсынады: ол қалада да, жолсыз жерде де және кез келген жолда жүргізушіге сенімділік сыйлайтын төзімділік пен жұмсақ жүрісті үйлестірген. Жоғары клиренс, жақсы көрініс және симметриялық толық жетек жүйесі көлікті кез келген жол жамылғысында сенімді басқаруға мүмкіндік береді, ал жетілдірілген шасси мен дәл бапталған руль жүйесі жоғары тұрақтылықты, жайлылықты және көліктің табиғи басқарылуын қамтамасыз етеді. Жолыңыз қандай болса да, Outback оны сізбен бірге еңсеруге дайын.





Алыс сапардағы жайлылық

Шытырман сапарлардан кейін жайлы атмосфераға еніңіз. Жұмсақ әрі жағымды әрлеу материалдары, ыңғайлы эргономикалық орындықтар және ойластырылған сақтау бөлімдері толық жаңартылған интерьерде өзіңізді үйдегідей сезінуге мүмкіндік береді. Touing жинақтамасында Нарра былғарысымен қапталған және желдету функциясы бар*1 орындықтардың барынша жайлылыққа арналған кеңейтілген реттеулер диапазоны бар. Барлық жинақтамаларда жақсартылған дыбыс оқшаулауы қарастырылған — ол сыртқы шуды азайтып, салонда тыныш әрі жайлы кеңістік қалыптастырады және әр сапардан ләззат алуға мүмкіндік береді.

*1 Тек алдыңғы орындықтар.
 *2 Тек Touing жинақтарына арналған.
 *3 Сымсыз қосымның қолжетімділігі мен үйлесімдігі нарыққа және пайдаланылатын смартфон түріне байланысты өзгеше болуы мүмкін.
 *4 Кейбір смартфондар Qi стандартындағы сымсыз зарядтау құрылғыларымен үйлеспейді мүмкін.
 Жүргізуші көлікті қауіпсіз және мұқият жүргізуге әрдайым жауапты. Қозғалыс кезінде сенсорлы экранды пайдаланудан бас тартыңыз.

Сымсыз зарядтау құрылғысы*2*3*4

Артық сымдарсыз зарядтау Қозғалыс кезінде энергияны қайта толтырып алу үшін смартфонныңызды жай ғана сымсыз зарядтау құрылғысының тақтасына қойыңыз.



12,1 дюймдік орталық дисплей

Ені үлкен көлденең сенсорлы дисплей карталарға*5, мультимедиаға және баптауларға ыңғайлы қол жеткізуді қамтамасыз етеді, смартфонның үйреншікті басқарылуын және қосылу мүмкіндіктерін ұсынады.



Harman Kardon аудиожүйесі*2

Әрбір сапарыңызда мінсіз дыбыс шығаруға бапталған қолжетімді Harman Kardon аудиожүйесінің арқасында премиум сыныпты қанық көлемді дыбыстан ләззат алыңыз.



Жылытқышы және желдеткіші бар орындықтар*1*2

Жылдың көз келген мезгіліндегі жайлылық. Алдыңғы орындықтар жылыту және желдету функцияларымен жабдықталған, қыста жылытуды және жазда салқындатуды қамтамасыз етеді және кез келген ауа райында сізге жайлылық сыйлайды.




Сіздің ырғағыңыздағы ілінісу

Тік еңістен түссеңіз де, ауыл арасындағы жолмен жүрсеңіз де — жаңа Outback кез келген жағдайға бейімделеді. Симметриялық толық жетек жүйесі мен X-MODE функциясы қиыршық тас, ылғал асфальт және кедірбұдыр жолдарда ілінісуді сақтауға көмектесіп, жол жағдайы өзгерсе де сенімді қозғалысты қамтамасыз етеді.

Биік клиренс

Жаңа Outback ой-шұқырлы жолдардан бастап қалың қарға дейінгі түрлі кедергілерді еңсеруге дайын. Теңгерімді конструкциясы мен жоғары клиренсі күрделі бағыттарда да сенімді жүруге мүмкіндік береді, сонымен қатар тас жолдағы жайлылықты сақтайды.



X MODE

Жолсыз жермен жүру кезіндегі X-MODE көмекші жүйесі

X-MODE жүйесі ең қажет сәтте қосымша бақылау береді. Оңтайландырылған тарту күші мен дроссельдің дәл жауап беруінің арқасында ол тік еңістерде, сусымалы жабындарда және ылғал жолдарда ілінісуді сақтауға көмектеседі. Жүйе күрделі жер бедеріне автоматты түрде бейімделіп, сенімді қозғалысты қамтамасыз етеді.



Сіздің мобильді лагеріңіз

Кеңейтілген жүксалғышы, ұлғайтылған жүк кеңістігі және берік төбе рейлингтері арқасында жаңа Outback велосипедтен бастап серфинг тақталарына, тіпті шатыр орнатуға дейін кез келген жүктемеге дайын. Жүксалғыштағы көпфункционалы қалқа қорғаныш төсем, жеңіл заттарға арналған бөлгіш немесе тор ретінде қолданылуы мүмкін. Ал кіріктірілген ілмектер мен ойластырылған бөлшектер заттарды ретімен орналастыруға көмектеседі. Қайда барсаңыз да, Outback-те қажеттінің бәрі орын табылады.

60/40 пропорциясында жиналатын артқы орындықтар

Өз сыныбындағы ең кең жүксалғыштардың бірі — артқы орындықтарды толық немесе жартылай бүктеп, жүкке арналған орынды оңай ұлғайта аласыз. Салонның икемді конструкциясы ұзын немесе көлемді заттарды ыңғайлы орналастыруға мүмкіндік береді, ал ойластырылған сақтау шешімдері әр сапарға дайын болуға көмектеседі. Қандай жүк алсаңыз да, көлік сіздің қажеттіліктеріңізге оңай бейімделеді.



Симметрия. Тұрақтылық Сенімділік.

Су жаңа Outback-тің негізінде кез келген сынақтарға дайын мінсіз теңгерілген және тұрақты конструкция арқылы қалыптасқан жайбарақат сенімділік сезімі жатыр. Төмен орналасқан ауырлық ортасы мен симметриялықтолық жетек автокөлікке кез келген жол жабынын жеңіл еңсеруге көмектеседі. Қаладағы қарбалас ағынмен келе жатсаңыз да, қиыршық тасты жолда жүрсеңіз де — бұл теңгерім жоғары бақылауды, жайлылықты және тыныштықты қамтамасыз етеді.

SYMMETRICAL AWD Симметриялы толық жетек

Subaru-дың симметриялық толық жетек жүйесі қуатты төк тайғанағанда ғана емес, әрдайым төрт дөңгелекке біркелкі таратады. Теңгерімді конструкциясы мен төмен орналасқан ауырлық ортасы өртүрлі жолдарда ілінісуді, тұрақтылықты және басқаруды сақтауға көмектеседі. Бұрылыстарда немесе ойлы-қырлы жерлерде жүйе көліктің дәл әрі сенімді әрекет етуін қамтамасыз етіп, фондық режимде үздіксіз жұмыс істейді.



SUBARU-ДЫҢ НЕГІЗГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ



SUBARU BOXER қозғалтқышы

SUBARU BOXER қозғалтқышы — поршеньдері бір-біріне қарама-қарсы қозғалып, көлденең орналасқан ерекше құрылымымен ерекшеленеді. Осындай конструкция ауырлық ортасын төмендетіп, дірілді азайтады. Соның арқасында көлік тұрақтырақ болады, үдеуі бірқалыпты жүреді және басқарылуы жеңіл әрі теңгерімді сезіледі. Бұл — Subaru-дың уақыт сынынан өткен технологиясы, әр сапарды сенімді әрі жайлы етуге арналған.




Subaru жаһандық платформасы

Жетілдірілген Subaru жаһандық платформасында (SGP) құрастырылған жаңа Outback — берік шанағымен, төмендетілген шу мен діріл деңгейімен және бұрынғыдан да жеңіл басқарылуымен ерекшеленеді. Симметриялық толық жетекпен бірге бұл кез келген жолда сенімді тұрақтылық сезімін береді, ал жолаушылар үшін жайлылық пен тыныштықты арттырады.




Күшейтілген ішкі қаңқа

Күшейтілген ішкі қаңқа шанақтың қаттылығын арттырып, сонымен бірге салмағын азайтады. Құрылымдық желімдерді қолдану жұлқулар мен дірілді жұмсартып, көлік пен жол арасындағы тұтастық сезімін қалыптастырады. Нәтижесінде қозғалыс кезінде бақылау сенімдірек болады және жайлылық деңгейі артады.



Lineartronic жетілдірілген трансмиссиясы

Жап-жаңа Lineartronic трансмиссиясы жатық, тыныш әрі икемді жұмыс істейді. Ішкі жетілдірулер шу мен дірілді азайтуға көмектесті, ал жаңартылған баптаулар үдеуді бірқалыпты әрі табиғи етеді. Соның арқасында әр сапарда тұрақтылық пен сенімділік сезімі артады.



Табиғи теңгерім

Цилиндрлері мен поршеньдерінің көлденең орналасуының арқасында қозғалтқыш табиғи теңгерімімен ерекшеленеді. Мұндай конструкция дірілдерді барынша азайтады және тұрақтылықты арттырады, әсіресе алыс сапарларда немесе ойлы-қырлы жерлерде жүрістің жатықтығын және көлік тізгініндегі сенімділікті қамтамасыз етеді.



Жүргізушінің жағдайын бақылау жүйесі

Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі қауіпсіздікті арттыру және жүргізушінің зейінін сақтауға көмектесу үшін камера мен бет-жүзді тану технологиясын пайдаланады. Ол шаршау немесе алаңдау белгілерін анықтай алады, сондай-ақ беске дейін жеке баптау профилін есте сақтайды. Соның арқасында әр сапар жайлы әрі қауіпсіз өтеді.

Әрбір сапардағы қауіпсіздік

Сенімділік интеллектуалды инженерлік шешімдерден басталады: жаңа Outback кез келген жағдайда сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ететіндей етіп жобаланған. EyeSight жүргізушінің көмекші жүйесінің су жаңа буыны*1 қауіп-қатерді өртерек анықтауға мүмкіндік береді, ал Subaru жаһандық платформасы мен күшейтілген ішкі қаққа соққы энергиясын жұтуға және салондағы адамдардың бәрін қорғауға қажетті берік негіз қалыптастырады. Қауіптің алдын ала немесе оның салдарын барынша азайт отырып, Outback әрбір сапарды барынша қауіпсіз етеді.



Subaru ұсынған EyeSight жүйесінің ең жаңа нұсқасы*1

Subaru EyeSight жүйесінің жап-жаңа нұсқасы*1 объектілерді, әсіресе жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерді анықтау мүмкіндіктерін кеңейту үшін стереокамераны, кең бұрышты монокулярлы камераны және алдыңғы радарды*2 біріктіреді, көлік тізгінінде жүргізушінің жайбарақат күйін қамтамасыз етеді.



SUBARU ЖАҢ-ЖАҚТЫ ҚАУІПСІЗДІГІ

БАСТАПҚЫ ҚАУІПСІЗДІК

Жақсы көрініс, оңтайлы жүргізу қалпы және түсінікті басқару элементтері қозғалыс басталмай тұрып-ақ қауіпсіздік сезімін береді.

ЕСКЕРТУШІ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІ

Қауіпсіздік технологиялары*1, соқтығысуды алдын алуға көмектеседі.

АКТИВТІ ҚАУІПСІЗДІК

Симметриялық толық жетек пен Subaru Global Platform сияқты технологиялар түзу жүргенде, бұрылғанда және төжегенде көліктің негізгі параметрлерін дәл бақылауға мүмкіндік береді.

ПАССИВТІ ҚАУІПСІЗДІК

Соқтығысу орын алған жағдайда пассивті қауіпсіздікті қозғалтқыштың орналасуы, Subaru Global Platform жаһандық платформасы және қауіпсіздік жастықтары қамтамасыз етеді*2.



EYESIGHT ЖҮРГІЗУ КӨМЕКШІЛЕРІ




Алға жүру кезінде апат алдында тежелу жүйесі*2*3

Дыбыс сигналының, жарық индикациясының және тежеу күшінің көмегімен соқтығысудан сақтануға көмектеседі. Жүйе көрінісі нашар аймақтарда, мысалы, жол қиылыстарында немесе тұрақтан шыққан кезде алдыңғы жақтан соғылу қаупі жоғары болып анықталған жағдайда іске қосылады.



Акселераторды апат алдында басқару жүйесі

Автокөліктің алдында кедергі анықталған жағдайда сіз қателесіп акселератор педалін басып қойсаңыз, жүйе іске қосылуы мүмкін. Ол жұлқып қозғалудан сақтануға және ықтимал залалды барынша азайтуға көмектесу үшін қозғалтқыштың қуатын уақытша азайтады.



Бейімделетін круиз-контроль

Тас жолмен ұзақ сапарларға немесе көптілестерде қозғалуға мінсіз сай келетін бейімделетін круиз-контроль берілген жылдамдықты ұстап отырады, алда жүріп бара жатқан көлік легіне бейімделеді, бұл шаршауды азайтады және қауіпсіз қашықтықты сақтауға көмектеседі.



Автоматты түрде шұғыл маневр жасау жүйесі

Бұл жүйе автоматты түрде төтенше тежеу және қозғалыс жолағында ұстап отыру жүйелерімен бірге жұмыс істейді. Егер соқтығысудың алдын алу үшін тежелудің бір өзі жеткіліксіз болса, егер жол жағдайлары мұндай әрекетті жасауға мүмкіндік беретін болса, кедергіден айналып өтуге көмектесу үшін жүйе рульмен басқаруды автоматты түрде іске қосуы мүмкін.

Өзге көмекшілер:

- Қозғалыс жолағының ортасында ұстау жүйесі және алдағы автокөлік артынан еру кезінде бейімделетін руль жүйесі
- Қозғалыс жолағында ұстау көмекші жүйесі
- Алдағы көлік құралының қозғала бастағаны туралы ескерту жүйесі
- Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі*3

БАЗАЛЫҚ ЖИНАҚТАМАДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШЕШІМДЕРІ



Автоматты апаттық тоқтату жүйесі

Жүргізуші рульді ұзақ уақыт қозғамаса, автокөлікті автоматты түрде толық тоқтата алады. Бұл жүргізушінің жай-күйі көлік басқару кезінде нашарлап кетсе, соқтығысудың алдын алуға көмектеседі әрі жолаушылар мен басқа да жол қозғалысы қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.



Үдеуді шектеу функциясы*3

Алда кедергі анықталған және жүргізуші акселератор педалін шұғыл басқан жағдайда үдеуді шектеу функциясы қозғалтқыштың қуатын шектейді және жүргізушіге дыбыс сигналымен және жыпылықтап тұратын индикатормен ескертеді. Егер қауіп сақталып тұрса, соқтығысудан сақтануға немесе оның салдарын жұмсартуға көмектесу үшін автоматты түрде төтенше тежеу жүйесі*4 тежегіштерді іске қоса алады.



Қауіпсіздік жастықтары (SRS)*2

Жаңа Outback-тің жоғары қауіпсіздік деңгейіне бетпе-бет соқтығысу кезінде максималды қорғанысты қамтамасыз ететін жолаушы орындығындағы қосымша қауіпсіздік жастығы сияқты инновациялық шешімдер арқылы қол жеткізіледі*2. Салон ішінде барлығы сегіз қауіпсіздік жастығы қарастырылған.



Жақсартылған көрініс

Жаңа Outback-те шынайы жол жағдайларындағы көру мүмкіндігіне айрықша көңіл бөлінеді. Көру мүмкіндігінің жақсы болуы кедергілерді дер кезінде анықтауға көмектесіп, әр сапарда жайбарақат болатыныңызға кепілдік береді.

Өзге қауіпсіздік жүйелері:

- Айналыру моментін белсенді үлестіру жүйесі
- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы
- Артқы жүріспен жүрген кезде автоматты тежеу (RAB)
- Сақина тәріздес пішінді күшейтілген қақпа
- Бұрылыстарды динамикалық жарықтандыру жүйесі (SRH)
- Subaru автокөлік артындағы нысандарды анықтау жүйесі (SRVD)
- Динамикалық бағытты тұрақтандыру жүйесі (VDC)

*1 EyeSight — бұл жүргізушінің көмекші жүйесі, оның қызметі кейбір қозғалыс жағдайларында шектеулі болуы мүмкін. Жүргізуші көлікті қауіпсіз және мұқият жүргізуге, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерін сақтауға ардайым жауапты болады. Бұл жүйенің тиімділігі көптеген факторларға, соның ішінде автокөліктің техникалық жағдайы, ауа райы және жол жағдайына байланысты болады. EyeSight жүйесінің жұмысы және оның шектеулері туралы, соның ішінде, осы брошюрада сипатталған функциялар туралы ақпаратты пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

*2 Тек Touring жинақтарына арналған.

*3 Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі кейбір жағдайда іске қосылмай қалуы мүмкін. Нысандардың жылдамдығындағы айырмашылыққа, нысанның биіктігіне және басқа да жағдайларға байланысты әр жағдайда EyeSight оңтайлы жұмысына қажетті шарттар сақталмауы мүмкін. Жүргізуші көлікті қауіпсіз және мұқият жүргізуге, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерін сақтауға ардайым жауапты болады. Көлік жүргізгенде тек технологияларға сенуге болмайды. Бұл жүйенің мүмкіндіктері шектеулі. Жүйе мен оның шектеулері туралы толық ақпарат пайдалану нұсқаулығында берілген. Толығырақ ақпаратты сатушыдан алуға болады.

*1 EyeSight — бұл жүргізушінің көмекші жүйесі, оның қызметі кейбір қозғалыс жағдайларында шектеулі болуы мүмкін. Жүргізуші көлікті қауіпсіз және мұқият жүргізуге, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерін сақтауға ардайым жауапты болады. Бұл жүйенің тиімділігі көптеген факторларға, соның ішінде автокөліктің техникалық жағдайы, ауа райы және жол жағдайына байланысты болады. EyeSight жүйесінің жұмысы және оның шектеулері туралы, соның ішінде, осы брошюрада сипатталған функциялар туралы ақпаратты пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

*2 SRS: қосымша пассивті қауіпсіздік жүйесі. Қауіпсіздік белбеулерімен бірге нәтижелі жұмыс істейді.

*3 Бұл функция тек төмен қозғалыс жылдамдығында ғана белсенді.

*4 Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі кейбір жағдайда іске қосылмай қалуы мүмкін. Нысандардың жылдамдығындағы айырмашылыққа, нысанның биіктігіне және басқа да жағдайларға байланысты әр жағдайда EyeSight оңтайлы жұмысына қажетті шарттар сақталмауы мүмкін. Тек көрнекілік үшін. Нақты өлшем болып табылмайды. Жүргізуші көлікті қауіпсіз және мұқият жүргізуге, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерін сақтауға ардайым жауапты болады. Көлік жүргізгенде тек технологияларға сенуге болмайды. Бұл жүйенің мүмкіндіктері шектеулі. Жүйе мен оның шектеулері туралы толық ақпарат пайдалану нұсқаулығында берілген. Толығырақ ақпаратты сатушыдан алуға болады.

ЖИНАҚТАМАЛАР

OUTBACK 2.5i-TOURING EyeSight

ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕРІ..... Ұ x Е x Б: 4880 x 1880 x 1715 мм
ҚОЗҒАЛТҚЫШ Көлденең-оппозитті, 4 цилиндрлі, 16 клапанды, бензиндік, DOHC
ЖҰМЫС КӨЛЕМІ..... 2498 текше см
МАКСИМАЛДЫ ҚУАТЫ 137 кВт (187 А. К.) / 5800 айн/мин
МАКСИМАЛДЫ АЙНАЛДЫРУ
СӘТІ..... 254 Н-м (25,9 кгс-м) / 3700 айн/мин
ТРАНСМИССИЯ Lineartronic, толық жетек



ЖАСЫЛ МЕТАЛЛИК (Deep Emerald Pearl)



OUTBACK 2.5i-PREMIUM EyeSight

ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕРІ..... Ұ x Е x Б: 4880 x 1880 x 1715 мм
ҚОЗҒАЛТҚЫШ Көлденең-оппозитті, 4 цилиндрлі, 16 клапанды, бензиндік, DOHC
ЖҰМЫС КӨЛЕМІ..... 2498 текше см
МАКСИМАЛДЫ ҚУАТЫ 137 кВт (187 А. К.) / 5800 айн/мин
МАКСИМАЛДЫ АЙНАЛДЫРУ
СӘТІ..... 254 Н-м (25,9 кгс-м) / 3700 айн/мин
ТРАНСМИССИЯ Lineartronic, толық жетек



МАРЖАНДАЙ СҰР (River Rock Pearl)



ЭКСТЕРЬЕР МЕН ИНТЕРЬЕР БӨЛШЕКТЕРІ



Жарықдиодты фаралар



18 дюймдік жеңіл қорытпалы дөңгелек дискілері



Жарықдиодты тұман фаралары



Шатырдағы электржетегі бар және еңкеюі бойынша реттелетін шыны люк*1



Жанасусыз ашу функциясымен



OUTBACK және SUBARU артқы эмблемалары



Реттеу электржетегі және бел тіреуіші бар жүргізуші орындығы



Рульді жылытқыш



Жүксалғыш бөлімнің көп функциялы иілгіш қалқасы



Толықтай цифрлық СК аспаптар тақтасы



Apple CarPlay*2 және Android Auto*3*4 интерфейстерін қолдау



USB-порттары (Type-A және Type-C) алдыңғы қатарда және зарядтау USB-порттары артқы орындықтарда

*1 Тек Touring жинақтарына арналған.

*2 Apple CarPlay – АҚШ-та және басқа да елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгісі.

*3 Android және Android Auto – Google Inc компаниясының тауар белгілері.

*4 Сымсыз қосылыстың қолжетімділігі мен үйлесімдігі нарыққа және пайдаланылатын смартфон түріне байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Apple CarPlay және / немесе Android Auto кейбір аймақтарда қолжетімді болмауы мүмкін. Үйлесімдік смартфонның сипаттамаларына байланысты болуы мүмкін. Толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті авторландырылған Subaru дилеріне хабарласыңыз.


ШАНАҚ ТҮСІ



CRYSTAL WHITE PEARL
(АҚ СЕДЕП)



ICE SILVER METALLIC
(КҮМІС МЕТАЛЛИК)



MAGNETITE GRAY METALLIC
(КҮҢГІРТ-СҰР МЕТАЛЛИК)



CRYSTAL BLACK SILICA
(ҚАРА МЕТАЛЛИК)




CRIMSON RED PEARL
(ҚЫЗЫЛ СЕДЕП)




SAPPHIRE BLUE PEARL
(КӨК СЕДЕП)



DEEP EMERALD PEARL
(ЖАСЫЛ МЕТАЛЛИК)




RIVER ROCK PEARL
(МАРЖАНДАЙ СҰР)




BRILLIANT BRONZE METALLIC
(ҚОЛА МЕТАЛЛИК)



ОРЫНДЫҚТАР ТЫСТАМАЛАРЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ



Қара түсті Napra былғарысы
(2.5i-TOURING EyeSight)





Қоңыр түсті Napra былғарысы
(2.5i-TOURING EyeSight)



Полиуретан
(2.5i-PREMIUM EyeSight)

ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕРІ



Өлшемдер SUBARU CORPORATION стандарттарына сәйкес өлшенеді.

Баспадағы және экрандағы түстердің берілу ерекшеліктеріне байланысты суреттегі түстер шынайы түстен өзгеше болуы мүмкін. Оған қоса, орындық қаптауыштарының түстері мен нұсқалары нарыққа байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Функциялардың, опциялардың немесе пакеттердің қолжетімділігі модельге және аймаққа байланысты. Сипаттамаларын салыстырып қараңыз. Толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті авторландырылған Subaru дилеріне хабарласыңыз.

SUBARU CORPORATION хабарлаусыз техникалық сипаттамаларды және жинақтаманы өзгерту құқығын сақтап қалады. Техникалық сипаттамалар, жинақтама, түстердің қолжетімділігі және модельдік қатар жергілікті жағдайларға және талаптарға байланысты. Өз аймағыңызда талап өтілуі мүмкін кез келген өзгерістер туралы ақпарат алу үшін жергілікті сатушыға хабарласыңыз.



SUBARU